

Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың орнын ауыстыру қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 185 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 28 сәуірде № 7604 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 22 тамыздағы № 550 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 22.08.2014 № 550 бұйрығымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексінің 71-бабының 6-бөлігіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың орнын ауыстыру қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (Б. Бердалин):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны алдағы уақытта ресми жариялауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р

полиция генерал-лейтенанты

Қ. Қасымов

Б е к і т і л д і

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і і с т е р

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы 3 0

н а у р ы з д а ғ ы

№ 185 бұйрығымен

Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың орнын ауыстыру қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың орнын ауыстыру қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық-атқару кодексіне (бұдан әрі - ҚАК) сәйкес әзірленді және бас бостандығынан айыруға сотталғандарды түзеу мекемелеріне (бұдан әрі - ТМ) орналастыру тәртібін айқындайды.

2. Сотталғандарды бір ТМ-нен басқаға орнын ауыстыру Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің (бұдан әрі - ҚАЖК) нұсқауы бойынша:

- 1) с о т а к т і л е р і ;

- 2) сотталғанды денсаулық жағдайына байланысты орнын ауыстыру туралы Т М - н і ң с ұ р а у ы ;

- 3) сотталғанның қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ТМ қорытындысы;

- 4) ТМ-ді қайта құру туралы шешімі негізінде жүзеге асырылады.

3. Сотталғанды денсаулық жағдайына байланысты орнын ауыстыру туралы ТМ сұрауына ауру тарихынан үзінді қоса беріледі.

4. Қылмыспен күресте және құқықтық тәртіпті сақтауда, ТМ-де сотталғанның өміріне қауіп төнген жағдайда, сондай-ақ сотталғандарды ұстау режимінің тәртібін қасақана бұзған жағдайда көмек көрсететін адамдарды оқшаулау үшін сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ТМ-нің қорытындысы қ а б ы л д а н а д ы .

5. Сотталғандарды басқа ТМ-ге орнын ауыстыру туралы ҚАЖК-ның нұсқауын ТМ түскен күнінен бастап бір ай ішінде орындайды.

6. Сотталғандарды бір ТМ-нен басқаға орнын ауыстыру туралы ҚАЖК нұсқауы ТМ-де орналастыру үшін бос орындар болмаған жағдайда ҚАЖК нұсқауы бойынша жүзеге асырылады. Лимиті асқан ТМ-де басқа ТМ-нен сотталғандар а у ы с т ы р ы л м а ы д ы .

7. ТМ-де режимдік-профилактикалық іс-шаралар өткізу кезінде басқа ТМ-нен сотталғандар о р ы н а у ы с т ы р м а ы д ы .

8. Сотталғандардың орын ауыстыруы туралы ТМ әкімшілігі туысқандарының біріне немесе заңды өкіліне (сотталғанның қалауы бойынша) хабарлайды.

9. Бас бостандығынан айыруға сотталғандар бір ТМ-нен басқа ТМ-ге айдауылдау а р қ ы л ы о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

10. Сотталғандарды орналастыру кезінде олар ТМ-де (жіберуші органмен) киіммен, маусымдық аяқ киіммен, сондай-ақ жол жүруінің барлық кезеңіне сотталғандарға белгіленген норма бойынша азық-түлікпен қамтамасыз етіледі.

11. Сотталғанды бір ТМ-нен басқа ТМ-ге орналастыру кезінде, оның жеке есеп шотындағы ақшалары сотталған жіберілген мекемедегі оның жеке есеп шотына б і р а й м е р з і м і ш і н д е а у д а р ы л а д ы .

12. Сотталғандарды орналастыру мемлекет есебінен жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК